




БАЯНДАМА

Тақырыбы: «Ерекше білімді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктері және оларды қолдау жолдары»

Дайындаған: психолог Табылды Ә.

Тақырыбы: «Ерекше білімді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктері және оларды қолдау жолдары»

Мақсаты:

Ата-аналарға ерекше білімді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін түсіндіру, оларды тәрбиелеу мен дамытудағы негізгі қағидалармен таныстыру және тиімді қолдау жолдарын көрсету.

Міндеттері:

- Ерекше балалардың даму ерекшеліктерін ашу;
- Психологиялық және педагогикалық қолдау тәсілдерін түсіндіру;
- Ата-ананың бала дамуындағы рөлін көрсету;
- Тәрбиелеудегі жиі қателіктердің алдын алу.

КІРІСПЕ

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі лекцияның негізгі мақсаты – ерекше білімді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін түсіну және оларды дұрыс қолдаудың жолдарын қарастыру.

Ерекше білімді қажет ететін балалар – бұл дамуында белгілі бір қиындықтары бар, бірақ дұрыс қолдау арқылы толыққанды дамуға қабілетті балалар. Бұл жағдай ауру немесе кемшілік емес, бұл – баланың жеке даму ерекшелігі.

Әр бала – жеке әлем. Біреуі тез сөйлейді, біреуі баяу меңгереді. Бір бала белсенді болса, екіншісі тыныш болуы мүмкін. Сондықтан әр баланы салыстыру емес, оның жеке мүмкіндігін қолдау маңызды.

1. БАЛАНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ерекше балалардың дамуы бірнеше бағытта байқалады:

1.1 Сөйлеу дамуы

Көп жағдайда:

- сөздік қордың аз болуы;
- дыбыстарды дұрыс айтпау;
- сөйлем құрауда қиындық;
- сөйлеудің кеш дамуы байқалады.

Сөйлеу дамуының кешігуі баланың жалпы қарым-қатынасына әсер етеді.

1.2 Танымдық даму

- зейіннің тұрақсыз болуы;
- тапсырманы түсінуде қиындық;
- есте сақтау қабілетінің әлсіздігі;
- ойлау процесінің баяулығы.

Бұл балаларға ақпаратты бірнеше рет қайталау қажет.

1.3 Эмоционалдық даму

- эмоцияны реттей алмау;
- тез жылау немесе ашулану;

- мазасыздықтың жоғары болуы;
- жаңа жағдайға бейімделудің қиындығы.

1.4 Әлеуметтік даму

- басқа балалармен қарым-қатынас жасауда қиындық;
- ойын ережесін сақтамау;
- тұйықтық немесе керісінше шамадан тыс белсенділік.

1.5 Қозғалыс дамуы

- ұсақ моторика әлсіздігі;
- қимыл үйлесімінің бұзылуы;
- жазу, сурет салуда қиындықтар.

2. ЕРЕКШЕ БАЛАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ерекше балалардың психикасында келесі ерекшеліктер байқалады:

- тұрақтылықты жақсы көреді;
- өзгерістерден қорқады;
- нақты және көрнекі ақпаратты жақсы қабылдайды;
- қайталау арқылы тез үйренеді;
- эмоционалдық қолдауға мұқтаж.

Мұндай балалар үшін ең маңыздысы – қауіпсіз орта мен мейірімді қарым-қатынас.

3. АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ

Ата-ана – баланың ең алғашқы ұстазы және негізгі қолдаушысы.

Ата-ананың әсері:

- баланың өзін-өзі бағалауына ықпал етеді;
- сөйлеу дамуын ынталандырады;
- мінез-құлықтың қалыптасуына әсер етеді;
- эмоционалдық тұрақтылық береді.

Егер бала үнемі қолдау көрсе, ол өзіне сенімді, белсенді және ашық болады.

4. БАЛАНЫ ҚОЛДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Негізгі ұсыныстар:

- Күніне кемінде 20–30 минут балаға көңіл бөлу;
- Баламен жиі сөйлесу, сұрақ қою;
- Қарапайым және қысқа сөйлемдерді қолдану;
- Бірге кітап оқу және суретпен әңгімелеу;
- Ойын арқылы дамыту;
- Баланы асықтырмау;
- Жетістігін үнемі мадақтау;
- Қателігін жұмсақ түзету.

5. ОЙЫННЫҢ БАЛА ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Ойын – баланың негізгі даму құралы.

Ойын барысында бала:

- эмоциясын білдіреді;
- сөйлеуін дамытады;
- ойлау қабілетін жетілдіреді;
- әлеуметтік дағдыларды меңгереді.

Тиімді ойын түрлері:

- дидактикалық ойындар;
- сенсорлық ойындар;
- құм терапиясы;
- рөлдік ойындар;
- қимылды ойындар.

6. ТӘРБИЕЛЕУДЕ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ҚАТЕЛІКТЕР

Кейбір ата-аналар келесі қателіктерге жол береді:

- баламен аз сөйлесу;
- телефонды көп қолдандыру;
- баланы басқа балалармен салыстыру;
- айқайлау және жазалау;
- эмоциясын елемеу.

Бұл әрекеттер:

- сөйлеудің тежелуіне;
- қорқыныштың пайда болуына;
- тұйықтыққа;
- өзіне сенімсіздікке әкеледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ерекше білімді қажет ететін балалар – қоғамның толыққанды мүшелері. Олардың дамуы үшін ең маңызды фактор – мейірім, тұрақты қолдау және түсіністік.

Ата-ана мен педагогтың бірлескен жұмысы баланың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ ҰСЫНЫС

- Баламен күнделікті қарым-қатынасты күшейту;
- Ойын арқылы дамыту;
- Маманмен тұрақты байланыста болу;
- Баланы қабылдау және қолдау.